

Есеп құрылымы

- 1) кеңес беруді қажет ететін мәселелер; Әртүрлі тұқым өңдеуіштердің қызылша өсімдігінің өнгіштігіне әсері
- 2) қойылған мәселені немесе қызметті жақсарту жөніндегі кеңейтілген дәлелдер мен ұсыныстарды қамтуы тиіс мәселелер шеңберін шешу жөніндегі сарапшының ұсынымдары; Қант қызылшасы – ауыл шаруашылығында маңызды техникалық дақылдардың бірі. Оның өнімділігі мен сапасына тұқымның сапасы, өңделуі және себу алдындағы дайындық тәсілдері айтарлықтай әсер етеді. Тұқым өңдеуіштер (протравительдер) өсімдіктің бастапқы даму кезеңінде аурулар мен зиянкестерден қорғайды, өну энергиясын арттырып, біркелкі көктеп шығуға көмектеседі. Қант қызылшасының тұқымын дәрілеу және дражирлеу – егін шаруашылығында өнімділікті арттырудың маңызды тәсілдерінің бірі екені дәлелденді. Жүргізілген тәжірибе нәтижелері дражирленген тұқымдардың өнгіштігі мен көктеу жылдамдығы жоғары екенін көрсетті. Бұл тұқымдар біркелкі әрі тез көктеп, ауруларға төзімділік танытты және бастапқы даму қарқыны жағынан контрольды тұқымдардан басым болды. Қызылша тұқымын кешенді препараттармен өңдеудің аурулар мен зиянкестерге әсерін арттыру мақсатында тұқымын ТМТД, в.с.к, 4 л/т + Фитолавин, в.р.к. 3,0 л/т мен үйлестірген нұсқада өңдеу ұсынылды.
- 3) өнім өндірісін ұлғайтудың/өнімділікті арттырудың/өзіндік құнын төмендетудің сандық көрсеткіштерін көрсете отырып, АӨК субъектісінің ұсынымдарын қолдану нәтижелері бойынша күтілетін нәтиже және т. б.; ТМТД, в.с.к, 4 л/т + Фитолавин, в.р.к. 3,0 л/т үйлестірген нұсқада биологиялық тиімділік 80,0-85,0 % құрады. Қызылша тұқымдарын құрамында қорғаныш-ынталандырушы компоненттері бар полимерлі гидрогельдері бар түйіршіктермен өңдеудің көшеттердің өнуіне, өсуіне және дамуына әсері бақылаумен және өңделмеген тұқымдармен салыстырғанда бұл көрсеткіштердің айтарлықтай жақсаруынан көрінеді. Қорғаныс-стимуляторлық компоненттерді қамтитын полимерлі гидрогельдер ылғалдың сақталуына ықпал етеді, бұл өнудің оңтайлы жағдайларын қамтамасыз етеді және тұқымның өну энергиясын жақсартады. Ұсыным деректерін талдау да дражирлеудің тиімділігін растады: көктеу мерзімі қысқарып, шығымдылық пен өсімдік сапасы артты. Өздік тәжірибеде де бірдей жағдайлар жасалып, алынған нәтижелер өңделген тұқымдардың айқын артықшылығын көрсетті. Осылайша, қант қызылшасының тұқымын алдын ала өңдеу технологияларын қолдану ауыл шаруашылығы саласында өнім сапасы мен көлемін арттыруда маңызды рөл атқаратыны дәлелденді.

4) Кеңес беру фотосуреті

